



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 4 ақпан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, баяндаушы судья А.А.Дронов,
судьялар Э.В. Айриян, Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев,
А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев,
Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы А.В. Королеваның қатысуымен,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 50, 68,
69, 96-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің
14, 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның Бәсекелестік саясат және
мемлекеттік сатып алу саласындағы саясат департаменті бәсекелестік,
құқықтық қамтамасыз ету және әдіснама саласындағы саясат бөлімінің
кеңесшісі Адельгери Русланович Кашежевтің өтініші бойынша
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы
шарттың еңбек құқықтық қатынастарына байланысты ережелерін
түсіндіру туралы Консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрағы және істің мән-жайы

1. Ресей Федерациясының азаматы А.Р. Кашежев (бұдан әрі –
өтініш беруші) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық
одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) № 1 қосымша болып табылатын
Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (бұдан әрі – ЕЭК
туралы ереже) 37, 38 және 39-тармақтарының ережелерін түсіндіру
туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі –
Сот) жүгінді.

Өтініш беруші қызметкерде бағалы қағаздарға инвестициялауды
жүзеге асыру ниеті туындаған кезде ол бағалы қағаздарды басқару
бойынша қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби

қатысушымен бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару шартын (бұдан әрі – сенімгерлік басқару шарты) жасасқан жағдайда Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК, Комиссия) қызметкері ЕЭК туралы ереженің 37, 38 және 39-тармақтарының талаптарын бұзатын не бұзбайтынын түсіндіруді сұрайды.

II. Соттағы рәсім

2. Соттың Үлкен алқасының (бұдан әрі – Үлкен алқа) 2025 жылғы 21 қазандағы қаулысымен өтініш іс жүргізуге қабылданды.

3. Шартқа № 2 қосымша болып табылатын Сот Статутының (бұдан әрі – Статут) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ сотының Регламентімен (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

4. Регламенттің 75-бабы тәртібінде істі қарауға дайындық шеңберінде сұрау салу жіберілді және ЕЭК-тен жауап алынды. Өтініште қойылған мәселелерді түсіндіру туралы пікірді Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы бастамашылық тәртіппен ұсынды.

III. Соттың қорытындылары

5. Түсініктеме беру туралы өтініштің мазмұнына сәйкес, өтініш берушінің пікірінше, оған себеп Комиссия қызметкерінің осындай ниеті туындаған кезде Комиссия қызметкерінің бағалы қағаздарға қаржы қаражатын инвестициялау мақсатында оларды басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушымен бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару шартын жасасуына жол беру мәселесінде – ЕЭК туралы ереженің 37, 38 және 39-тармақтарында белгіленген талаптар мен шектеулер тұрғысында – құқықтық айқындықтың болмауы болып табылады.

Мәселенің тұжырымдамасына сәйкес, қызметкердің бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен құқықтық қатынастарға түсуінің түпкілікті мақсаты сенім білдірушінің (Комиссия қызметкерінің) мүддесінде кейіннен оларды басқара отырып, сенімгерлік басқарушының бағалы қағаздарды сатып алуына қаржы қаражатын инвестициялау мүмкіндігі болып табылады.

6. Статуттың 2-тармағына сәйкес Сот қызметінің мақсаты Статуттың ережелеріне сәйкес мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Үлкен алқа Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) оған сәйкес шарттың терминдеріне олардың контексінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарына берілуі қажет әдеттегі мәніне сәйкес шарт адал түсіндірілетін халықаралық шарттарды түсіндірудің жалпы ережесін белгілейтін 31-бабын ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары негізінде Шарттың ережелерін олардың жүйелі өзара байланысында түсіндіруді жүзеге асырады.

7. Шарттың 2-бабына сәйкес «лауазымды адамдар» мүше мемлекеттердің ЕЭК департаменттерінің директорлары және Комиссия департаменттері директорларының орынбасарлары лауазымына тағайындалған азаматтары; «қызметкерлер» – мүше мемлекеттердің өздерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде Одақ органдарында жұмыс істейтін және лауазымды адамдар болып табылмайтын мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылады.

Шартқа № 32 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (бұдан әрі – Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереже) 2-тармағына сәйкес Комиссия алқасы мүшелері, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Одақтың халықаралық қызметшілері болып табылады.

Өтініш беруші Комиссия қызметкері мәртебесін иеленеді және, тиісінше, Одақтың халықаралық қызметшісі болып табылады.

8. Үлкен алқа осыған байланысты осы Консультативтік қорытындының мәні халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде (Шарттың 1-бабының 2-тармағы) осы мәртебені иеленуіне байланысты осындай жария қызметшілерге салынатын тыйымдар мен шектеулерді қоса алғанда Шарттың халықаралық қызметтің жұмыс істеуі және Одақтың халықаралық қызметшілерінің мәртебесін айқындау мәселелерін регламенттейтін нормаларына түсініктеме беру болып табылады.

Тиісінше, Сот келіп түскен сұрау салуға жауап беру үшін ЕЭК туралы ереженің 37, 38 және 39-тармақтарының нормаларын олардың Комиссияның халықаралық қызметшілерінің құқықтық мәртебесін айқындайтын Одақ құқығының өзге де қолданылатын нормаларымен жүйелі өзара байланыста талдауы қажет.

Бұл ретте Үлкен алқа Шартта Одақтың халықаралық қызметшілеріне қатысты, оның ішінде халықаралық қызметшілердің өздерінің лауазымдық (қызметтік) міндеттемелерін тәуелсіз және тиімді

атқаруы үшін жағдай жасау қажеттілігін көздейтін, халықаралық тәжірибеде жалпыға бірдей танылған халықаралық азаматтық қызметтің тәуелсіздігі қағидаты бекітілгенін (*Л.В. Щур-Трухановичтің* өтініші бойынша № Р-7/24 іс бойынша 2025 жылғы 14 сәуірдегі Консультативтік қорытындының 6-тармағы) басшылыққа алады.

Демек, Одақ құқығын түсіндіру кезінде өтініш берушінің мәселелері контекстінде Одақтың халықаралық қызметшілерінің құқықтық мәртебесін регламенттейтін және тиісті талаптарды, тыйым салулар мен шектеулерді белгілейтін Одақ құқығының тиісті нормалары Одақтағы халықаралық қызметтің тәуелсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталғанын ескеру қажет.

Жария қызметке (оның ішінде ЕАЭО-дағы халықаралық қызметке) кіру арқылы өзінің еңбек ету қабілеттерін еркін иелік ету құқығын іске асыра отырып, азамат онымен айналысу және иелену, тиісінше, оның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда белгілі бір тыйымдар мен шектеулердің болуын көздейтін кәсіби қызметті өз еркімен таңдайды және құқықтық мәртебеге ие болады, бұл жария қызметшілерге жүктелген айрықша жария-құқықтық міндеттерді атқарумен шарттастырылған.

Осылайша, жария қызметшінің құқықтарды жүзеге асыруына тыйым салулар мен шектеулер жария қызметшілердің құқықтық мәртебесінің ажырамас элементі болып табылады және жария қызметшілердің құқықтарына қысым жасау деп танылмайды, өйткені олар белгілі бір жария мүдделерді қорғауға бағытталған және осындай қызметшінің жеке құқықтары мен жария құқықтарының теңгерімі негізінде белгіленеді.

Сондай-ақ, халықаралық қызметшілерге қатысты халықаралық қызметтің айрықша сипатымен шарттастырылған талаптарды, шектеулер мен тыйымдарды белгілейтін Шарттың нормаларын және оған негізделген Одақ құқығының актілерін түсіндіру олардың пайдалы қолданылуын сақтауды қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оған сәйкес мұндай шектеулер қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті болып табылатын шектен шықпауы тиіс болатын Одақ құқығының жалпы қағидаты ретінде пропорционалдық қағидатын негізге ала отырып, олардың мақсатты бағыттылығын ескеріп жүзеге асыру қажет екенін ескеру керек.

9. Одақтың халықаралық қызметі Одақтың өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттердің ортақ мүдделері үшін құрылған жария қызмет түрін білдіреді.

Комиссия Шарттың 8-бабының 1-тармағына сәйкес Одақ органдары жүйесіне кіреді және Шарттың 18-бабының 1-тармағына сәйкес Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады. Комиссия Алқасы Комиссияның атқарушы органы болып табылады және Алқа мүшелерінен тұрады (ЕЭК туралы ереженің 31-тармақ).

ЕЭК лауазымды адамдары мен қызметкерлері оның қызметін қамтамасыз ететін Комиссия департаменттерінің құрамына кіреді (ЕЭК туралы ереженің 54 және 56-тармақтары) және өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Одақтың жария мүдделерінде және оның бюджет қаражаты есебінен әрекет етеді.

Жоғарыда атап өткендей, халықаралық қызметшілер болып табылатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты Одақтың құқығы олардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) міндеттерін тәуелсіз және тиімді орындауы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін бірыңғай талаптарды белгілейді.

Үлкен алқаның пікірінше, аталған талаптарды барлық мүше мемлекеттердің, Одақ органдарының және халықаралық қызметшілердің өздері құрметтеуі және сақтауы, оларды біркелкі қолдануы халықаралық қызмет институты мен жалпы Одақтың жұмыс істеуінің міндетті шарты болып табылады.

10. Осы түсініктеме берудің мәнін құрайтын нормаларды түсіндіру кезінде Комиссия қызметкерлерінің халықаралық қызметшілердің арнайы құқықтық мәртебесіне ие болуы Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын осы тұлғаларға адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының әрекеті толық көлемде қолданылмайды дегенді білдірмейтінін ескеру маңызды. Шарттың кіріспесі мен 3-бабына сәйкес адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау қажеттілігі, сондай-ақ олардың бірі адам құқықтарын құрметтеу болып табылатын халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарына жатады, бұл Сот тәжірибесінде бекітілген болатын (атап айтқанда, *Одақ органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы* № Р-5/18 іс бойынша 2018 жылғы 20 желтоқсандағы және № Р-7/24 іс бойынша 2025 жылғы 14 сәуірдегі Консультативтік қорытындылар).

Барлық мүше мемлекеттердің конституцияларында, оның ішінде осы мемлекеттердің тікелей әрекет ететін болып табылатын халықаралық қызметшілер мәртебесін иеленетін азаматтарына кепілдік берілген адамның негізгі құқықтарының қатарына жеке меншігінде мүлік иелену,

оған иелік ету, пайдалану және оған билік ету құқығы жатады (Армения Республикасы Конституциясының 60-бабы, Беларусь Республикасы Конституциясының 44-бабы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы, Қырғыз Республикасы Конституциясының 40-бабы, Ресей Федерациясы Конституциясының 35-бабы).

Аталған құқықтар мен бостандықтар заңда белгіленген жағдайларды және шектерде ғана шектелуі мүмкін болатындықтан, Үлкен алқа Одақтың халықаралық қызметшілеріне оған сәйкес Шартта тыйым салынбаған халықаралық қызметшілердің қызмет түрлері өз алдына халықаралық қызметші мәртебесімен объективті үйлеспейтін болып табылмайтын құқықтық ұстанымды растау қажет деп санайды (№ Р-7/24 іс бойынша 2025 жылғы 14 сәуірдегі Консультативтік қорытындының 9-тармағы). Шарттың нормаларын және Одақ құқығының өзге де актілерін түсіндіру, тиісінше, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын ерікті түрде шектейтін немесе кемсітетін нәтижелерге әкеп соқтырмайды және әкеп соқтырмауы тиіс.

11. Осы Консультативтік қорытындының 8, 9 және 10-тармақтарында баяндалғандарды назарға ала отырып, Үлкен алқа осы істі қарау кезінде бір жағынан, Шартқа сәйкес Одақтың халықаралық қызметінің оның тиімді қызметінің императивтік шарты ретінде тәуелсіз және тиімді жұмыс істеуіне кепілдік беретін нормаларды адал сақтауға, ал, екінші жағынан – адам мен азаматтың конституциялық құқықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау қажеттігіне қатысты нормаларға негізделген мүдделер теңгерімін қамтамасыз ету қажеттігін негізге алады.

12. Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 2-тармағына сәйкес Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз өкілеттіктерін орындау (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқару) кезінде олардың халықаралық қызметшілер мәртебесімен үйлеспейтін түрлі әрекеттерден аулақ болуға міндетті. Көрсетілген норма халықаралық қызметші өз өкілеттіктерін орындау кезінде де, қызметтен тыс қатынастарда да ерекше сақтық танытуға міндетті, оның ішінде мүдделер қақтығысын және Одақтың беделіне нұқсан келтіретін әдепсіз мінез-құлықты болдырмауы тиіс деп ұйғарады.

Үлкен алқа Шарттың Одақтың халықаралық қызметшілерінің мәртебесін реттейтін ережелерін талдау негізінде онда айқын көрсетілген нысанда халықаралық қызметшілердің Одақтың халықаралық қызметшілерінің мәртебесіне объективті үйлеспейтін және мүдделер қақтығысына әкеп соғатын белгілі бір іс-әрекеттерді немесе қызмет

түрлерін жүзеге асыруына тыйым салуды белгілейтін нормалардың болуын атап көрсетеді.

Халықаралық қызметші Шартта тікелей тыйым салынбаған және, тиісінше, өз алдына халықаралық қызметші мәртебесімен объективті үйлеспейтін болып табылатын, бірақ мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді жасай алады немесе қызметті жүзеге асыра алады. Бұл ретте мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі әрбір нақты жағдайда белгіленуі тиіс.

ЕЭК туралы ереженің 61-тармағына сәйкес Алқа мүшесінде, Комиссияның лауазымды адамында немесе қызметкерінде оның жеке қызығушылығының болуына қарай туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын реттеуге немесе болдырмауға шаралар қабылдау оның Одақ мүдделерінде лауазымдық (қызметтік) міндеттерін тәуелсіз және тиімді орындауының қажетті шарты болып табылатындықтан, адал сақталуының қағидатты маңызды мәні бар Алқаның әрбір мүшесінің, Комиссияның лауазымды адамы мен қызметкерінің міндеті болып табылады.

Үлкен алқа бұл құқықтық ұстанымды қаралып отырған іске қатысты қолдануға болады, Одақ деңгейінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау мүдделеріне, сондай-ақ осы Консультативтік қорытындының 8, 9, 10 және 11-тармақтарында жазылған тәсілдемеге жауап береді деп санайды.

13. Үлкен алқа Шарт және Одақтың халықаралық қызметінің жұмыс істеуін және оның халықаралық қызметшілерінің мәртебесін реттейтін Одақ құқығының өзге де актілері «мүдделер қақтығысы» ұғымының анықтамасын қамтымайтынын атап көрсетеді.

Сонымен бірге Сот тәжірибесінде оған сәйкес халықаралық қызметшінің жеке мүдделері оның лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындауға қайшы келгенде және/немесе оның тәуелсіздігіне, адалдығына және бейтараптығына күмән келтіргенде мүдделер қақтығысы туындайтын тәсілдеме қалыптасты (*ЕЭК қызметкерлерін аттестаттау туралы* № Р-1/16 іс бойынша 2016 жылғы 3 маусымдағы Консультативтік қорытынды).

Осы мәселе бойынша құқықтық ұстанымды тұжырымдау кезінде Сот, басқалармен қатар, БҰҰ-ның Халықаралық азаматтық қызмет жөніндегі комиссиясы дайындаған және БҰҰ Бас Ассамблеясының 2013 жылғы 12 сәуірдегі 67/257 қарарымен мақұлданған (дауыс бермей) Халықаралық азаматтық қызметке арналған мінез-құлық стандарттарында, сондай-ақ оған сәйкес жария қызметшілердің олардың лауазымдарымен, функцияларымен, міндеттерімен немесе оларды

жөнелтумен үйлеспейтін ешқандай қаржылық, коммерциялық немесе өзге де ұқсас мүдделері болмауы тиіс (4-тармақ) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы 51/59 қарарымен қабылданған Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың мінез-құлқының халықаралық кодексінде тұжырымдалған тәсілдемені назарға алды.

14. Үлкен алқа сонымен қатар Соттың бұрын жасаған қорытындысын растайды, оған сәйкес халықаралық қызметшілерді олардың мәртебесімен үйлеспейтін түрлі әрекеттерден аулақ болуға міндеттейтін Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 2-тармағының нормасы жалпы сипатқа ие және Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағында, ЕЭК туралы ереженің 35 – 38 және 56-тармақтарында нақтыланады (№ Р-7/24 іс бойынша 2025 жылғы 14 сәуірдегі Консультативтік қорытындының 8-тармағы).

15. ЕЭК туралы ереженің 37 және 38-тармақтарына сәйкес Комиссияның халықаралық қызметшісі бұдан әрі жиынтығында «қаржылық құралдар» деп аталатын кіріс әкелетін бағалы қағаздарды және (немесе) акцияларды (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін) иеленген жағдайда, ақылға қонымды мерзімдерде осы қаржылық құралдарды сенімгерлікпен басқаруға беруге міндетті.

Жоғарыда аталған тармақтардың тұжырымдамасын, атап айтқанда, «кіріс әкелетін бағалы қағаздарды иеленген жағдайда» деген сөз тіркесін талдау, оларды ақылға қонымды мерзімдерде сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі міндеттер сақталған жағдайда, олар халықаралық қызметшінің қаржы құралдарын иеленуге жол береді деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Үлкен алқаның пікірі бойынша, жоғарыда аталған міндетті сақтай отырып, халықаралық қызметшілерге тиесілі қаржы құралдарын иелену өз алдына Шарттың нормаларымен тыйым салынған және халықаралық қызметші мәртебесімен объективті түрде үйлеспейді деп пайымдауға негіз жоқ. Керісінше, ЕЭК туралы ереженің 39-тармағына сүйене отырып, қаржы құралдарын сенімгерлік басқаруға беру міндетін орындамау Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату, лауазымды адаммен, қызметкермен еңбек шартын (келісімшартты) бұзу үшін негіз болып табылады.

Іс материалдарынан байқалатыны, бұл қорытынды Комиссияның қолданыстағы Комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 38 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мүшелерінің және Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің олардың отбасы мүшелерінің кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтерді ұсынуы туралы ережесімен келісіледі.

16. Осыған байланысты Үлкен алқа Шартта халықаралық қызметшілердің қаржы құралдарын иеленуіне, сондай-ақ олардың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен осы қаржы құралдарын осындай тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруді көздейтін шарт жасасуына айқын түрде тыйым салуды белгілейтін арнайы норманың жоқ екені туралы қорытындыға келеді.

17. Үлкен алқа сонымен бірге Шарт және Одақ құқығының өзге де актілері қазіргі уақытта халықаралық қызметшіге тиесілі қаржы құралдарын сенімгерлік басқаруға беру тәртібі мен шарттарын («ақылға қонымды мерзім» анықтамасын қоса алғанда), оның ішінде сенімгерлік басқару шартының мазмұнына және сенімгерлік басқарушыны таңдауға қойылатын талаптар бөлігінде регламенттейтін ережелерді қамтымайтынын атап көрсетеді.

Сонымен қатар, мемлекеттердің (оның ішінде Одақ шеңберінде) және халықаралық ұйымдардың қаржы құралдарына қатысты жария қызметтегі адамдардың мүлдіктік құқықтарын құқықтық реттеу бөлігіндегі тәжірибесі, оның ішінде оларды сенімгерлік басқаруға беру шарттары мен тәртібі алуан түрлі, бұл осы мәселеде жалпыға бірдей қабылданған стандарттың болуын жоққа шығарады.

Осындай мән-жайларда Үлкен алқа құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету және Одақтың халықаралық қызметшілердің мәртебесін регламенттейтін құқық нормаларын біркелкі қолдану мүддесінде ЕЭК туралы ереженің 37 және 38-тармақтарының нормаларына олардың көрсетілген Ереженің және Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің басқа да қолданылатын нормаларымен өзара байланысында түсініктеме беру қажет деп санайды.

18. Үлкен алқа ЕЭК туралы ереженің 35 – 39, 56 және 61-тармақтарының, сондай-ақ Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағын қолдану халықаралық қызметшіде мүдделер қақтығысының туындауының алдын алуға бағытталғанын атап өтеді. Тиісінше, жоғарыда аталған барлық тармақтар осы іс шеңберінде қаралатын құқықтық қатынастарға бір мезгілде қолдануға жатады.

Бұл ретте ЕЭК туралы ереженің 35, 36 және 56-тармақтары ЕЭК Алқасының мүшелеріне, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне өз өкілеттіктері қолданысының барлық мерзімі ішінде оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа Комиссия Алқасының жұмысын басқа жұмыспен қоса атқаруға немесе басқа да ақылы қызметпен айналысуына, сондай-ақ коммерциялық ұйымды басқару органының қызметіне ақылы негізде қатысуға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салуды белгілейді. Өз кезегінде, Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағы Одақтың

халықаралық қызметшілері үшін ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметті қоспағанда, жеке пайданың немесе өзге адамдар пайдасының мүдделері үшін кәсіпкерлікпен және басқа да қызметпен айналысуға жол берілмейтінін тұжырымдайды.

Шартта белгіленген шектеулер мен тыйым салулар қолданылмайтын халықаралық қызметшінің іс-әрекетіне немесе қызметіне қатысты Комиссияның халықаралық қызметшісі Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 2-тармағында және ЕЭК туралы ереженің 61-тармағында көзделген жалпы сипаттағы талаптарды адал сақтауға міндетті.

19. Шарттың мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу шараларын қабылдауды міндеттейтін нормаларын қолдану контексінде Үлкен алқа Шарт негізінде Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органы ретінде Комиссияға мүше мемлекеттер трансшекаралық экономикалық қызметті жүзеге асыру және реттеу саласында (атап айтқанда, макроэкономикалық және бәсекелестік саясат, қаржы нарықтары мәселелерінде) кең құзырет бергеніне назар аударады.

Мұндай қызмет түрін жүзеге асыру Одақ органдарының елеулі көлемдегі қызметтік, оның ішінде құпия ақпаратты алу, жинау және өңдеу қажеттілігімен және Комиссияның халықаралық қызметшілерінің жеке мүдделері және/немесе өзге тұлғалардың мүдделері үшін пайдаланылуы мүмкін осындай ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етумен ұштасады.

Осыған байланысты Үлкен алқа Комиссияның халықаралық қызметшісі қаржы құралдарына, оның ішінде сенімгерлік басқарушыны тарта отырып инвестициялау ниетін іске асырған жағдайда мүдделер қақтығысының туындауының елеулі тәуекелдерінің болуын тұжырымдайды. Бұл ретте мүдделер қақтығысының туындау тәуекелінің дәрежесі Комиссияның халықаралық қызметшісінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне, оның қолжетімділігі бар және қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты емес мақсаттарда пайдалануы ЕЭК туралы ереженің 36-тармағының 6) тармақшасында тікелей тыйым салынған қызметтік ақпараттың сипаты мен көлеміне тікелей байланысты болады.

20. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Үлкен алқа Комиссияның халықаралық қызметшілерінің қаржы құралдарын иеленуі және олардың осы қаржы құралдарын бағалы қағаздарды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына сенімгерлік басқаруға беруді көздейтін шарт жасасуы немесе халықаралық қызметшінің қаржы құралдарын сатып алуға инвестициялау мақсатында осындай қаржы қаражатын сенімгерлік

басқарушыға беруі, егер қаржы құралдарын осындай беру немесе қаржы қаражатын осындай беру халықаралық қызметшінің – өзінің лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындау кезеңінде – осындай қаржы құралдарын басқаруға және/немесе коммерциялық ұйымның басқару органының шешімдер қабылдауына ықпал ету мүмкіндігін жоғалтуға әкеп соқпаса немесе тиісінше жоғалтумен ұштаспаса, ЕЭК туралы ереженің 35, 36, 56-тармақтарында, Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағында белгіленген тыйым салулардың қолданылу аясына түседі (және, демек, халықаралық қызметші мәртебесімен үйлеспейтін болып табылады) деген қорытындыға келеді.

Осыған байланысты халықаралық қызметшінің жасасатын сенімгерлік басқару шартын қолданудың мазмұны мен нақты практикасы маңызды мәнге ие.

21. Бұрын атап өткендей, Шарт және Одақ құқығының өзге де актілері халықаралық қызметшінің оған тиесілі қаржы құралдарын иеленуін және оларды сенімгерлік басқаруға беруді халықаралық қызметшіге қойылатын талаптарға сәйкес деп есептеу қажет болған кездегі тәртіп пен шартты айқындамайтын болғандықтан, мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және оны болдырмау немесе реттеу жөніндегі қажетті шаралар туралы мәселе әрбір нақты жағдайда белгілеуге жатады, бұл Комиссияның халықаралық қызметшісінің ЕЭК туралы ереженің 61-тармағында көзделген міндеттерді адал сақтауын және осы мәселеде Комиссиямен өзара іс-қимылды көздейді.

22. Үлкен алқа баяндалғанды ескере отырып, Одақ құқығының оның халықаралық қызмет институтының жұмыс істеуін және халықаралық қызметшілер мәртебесін реттейтін нормаларын одан рі дамытудың орындылығына қатысты Соттың бұрын қалыптастырылған қорытындыларының (№ Р-1/16 іс бойынша 2016 жылғы 3 маусымдағы, № Р-2/17 іс бойынша 2017 жылғы 12 қыркүйектегі және № Р-5/17 іс бойынша 2017 жылғы 11 желтоқсандағы Консультативтік қорытындылар) өзектілігін растайды.

Атап айтқанда, Үлкен алқаның пікірінше, Одақ шеңберінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге халықаралық қызметшілерге тиесілі қаржы құралдарын сенімгерлік басқаруға беру тәртібі мен шарттарын регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарау құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету мүдделеріне жауап берер еді.

Бұл ретте Үлкен алқа оған сәйкес Одақтың халықаралық-құқықтық мәртебесі оның өз персоналымен өзара қарым-қатынастарын дербес реттеуді көздейтін ұстанымды ұстанатын, ал оның құрылтай шарты оның

ішкі ұйымдастырылуын реттеуде негіз қалаушы құқықтық акт ретінде әрекет ететін көзқарасты ұстанады.

23. Баяндалғандар негізінде Үлкен алқа мынадай түсіндіруді ұсынады:

23.1. Комиссияның қазіргі уақытта жұмыс істейтін қызметкерінің бағалы қағаздарды сатып алу және оларды одан әрі басқару үшін сенімгерлік басқарушыға ақша қаражаты берілетін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен сенімгерлік басқару шартын жасасуы Комиссияның халықаралық қызметшілері үшін ЕЭК туралы ереженің 37 – 38-тармақтарында белгіленген талаптарды бұзу болып табылмайды. Бұл ретте мұндай іс-әрекеттер:

а) Комиссия қызметкерінде мүдделер қақтығысының туындауына немесе туындауы ықтималдығына;

б) Комиссия қызметкерінің ЕЭК туралы ереженің 35 – 36, 56-тармақтарында, Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағында белгіленген шектеулерді бұзуына алып келмеуі тиіс.

Егер Одақтың халықаралық қызметшісінің бағалы қағаздарды және (немесе) акцияларды (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының сенімгерлік басқаруына беруі Одақтың халықаралық қызметшісінің бағалы қағаздарды басқаруға және/немесе коммерциялық ұйымның басқару органының шешімдер қабылдауына ықпал ету мүмкіндігін жоғалтуға алып келмеген жағдайда, мұндай іс-әрекет түрі ЕЭК туралы ереженің 56-тармағында және Әлеуметтік кепілдіктер туралы ереженің 23-тармағында көзделген тыйым салулар мен шектеулердің әрекеті аясына түседі.

23.2. 23.1-тармақшада көрсетілген мән-жайлардың болуын әрбір нақты жағдайда, оның ішінде сенімгерлік басқару шартының мазмұнын ескере отырып белгілеуге жатады.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян